

жоқ лигносульфонаты шығады. Натрий пирофосфаты бұрғылау ерітіндісінің әлсіз қышқылды рН көрсеткішін көрсетеді.

Жоғары температура кезінде ыдыратушылардың жұмыс тиімділігін бағалау роллярлы пеште 24 сағат бойы герметикалық тот баспайтын қорапшаларда температуралық қыздыру әдісімен жүргізілді. Ескірту қорапшасына жұмыс рН жеткізілген өніммен сазды суспензияны қосып енгізіп, 65°C және 160°C дейін қыздырылған. Қыздырудан кейін суспензияның рН жұмыстық мәніне дейін келтіріліп реологиялық мәндері жазылып алынды. Сыналатын ыдыратушылардың жұмыс тиімділігі тұтқырлық тиімділігімен жүргізілді. 65°C кезінде термоқыздырудан кейін құрамында натрий триполифосфаты бар суспензия бастапқы ерітіндіге карағанда реологиялық қасиеті жоғарырақ.

Зерттеу нәтижесі бойынша, барлық сыналатын ыдыратушыларды базалық ерітінділерге енгізгенде бұрғылау ерітіндісінің сүзгіштік параметрлері айтарлықтай өзгермейді.

Базалық ерітіндіге барлық сыналатын өнімдер, натрий триполифосфатынан басқасы, рН төмендетеді. Нәтижесінде, берілген ыдыратушыларды қолдану кезінде ерітіндінің рН бақылап тұру қажет.

Кесте 9 – Әртүрлі ыдыратушылармен түрлендірілген базалық суспензия көрсеткіштері

Анықталатын параметр	Бастапқы суспензия	Хромсыз Синтетикалық Төмен молекулалы полимер	Құрамында хромы бар лигносульфонат	Хромсыз Лигно сульфонат	НТПФ	Натрий пирофосфаты
Концентрация, г/л		1	20	10	10	4
Нормал жағдай						
600	50	19	4	15	28,5	24
300	45	11	34	10	20	8
AV, Cp	25	9,5	20,5	7,5	19,2	12
YP, фунт/100фут ²	40	3	27	5	11,5	12
pH	8,8	8,3	8,8	9,1	10	5,3
65°C кезінде қыздырудан кейін, 24 сағ						
600	82	59	56	26,5	194	42
300	76	39	50	18	146	30
AV, Cp	41	29,5	28	13,2	97	21
YP, фунт/100фут ²	70	19	44	9,5	98	22
pH	9	7,7	8,9	9,25	9	5,5
160°C кезінде қыздырудан кейін, 24 сағ						
600	>200	150	40	52	>200	>200
300	>100	119	27	40	>100	>100
AV, Cp	>100	75	20	26	>100	>100
YP, фунт/	-	88	14	28	-	-